

Жекешелендіруге жатпайтын мүлікті ұлттық компанияларға беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1454 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 1045 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.09.13 № 1045 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жекешелендіруге жатпайтын мүлікті ұлттық компанияларға беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 4 5 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілді

Жекешелендіруге жатпайтын мүлікті ұлттық компанияларға беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жекешелендіруге жатпайтын мүлікті ұлттық компанияларға беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді және жекешелендіруге жатпайтын мүлікті (бұдан әрі - Мүлік) ұлттық компанияларға берудің тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Мүліктің тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен бекітіледі.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет), республикалық немесе коммуналдық мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - Уәкілетті орган), ұлттық компания акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - Мемлекеттік басқару органы) және ұлттық компания (бұдан әрі - Алушы) осы Ережемен реттелетін қатынастардың субъектілері болып табылады.

4. Мүлікті Алушыға беру туралы шешімді Үкімет қабылдайды.

5. Беруге жататын Мүліктің тізбесін, оны берудің шарттарын белгілеуді, сондай-ақ Үкіметтің тиісті шешімінің жобасын дайындауды Уәкілетті органмен келісім бойынша Мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

2. Жекешелендіруге жатпайтын мүлікті ұлттық компанияларға беру тәртібі мен шарттары

6. А л у ш ы ғ а :

Мүлік жалға (мүліктік жалға) немесе иеліктен шығару құқығынсыз сенімгерлік басқаруға;

М ү л і к м е н ш і к к е :

жарғылық капиталын төлеуге Мүлікті иелену мен пайдалану құқықтары берілуі мүмкін.

Мүлікті Алушыға өзге шарттарда беру Алушының шаруашылық жүргізуші субъекті ретінде одан әрі жұмыс істеуінің, Мүліктің бухгалтерлік есебін тиісінше жүзеге асырудың, Мүлікке одан әрі билік ету қажеттілігімен байланысты ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың, сондай-ақ мемлекет үшін ерекше әлеуметтік, экономикалық маңызы бар өзге де жобаларды жүзеге асырудың мүмкін болмауына әкеп соқтыратын айрықша жағдайларда Мүлік Алушының меншігіне беріледі.

М ү л і к А л у ш ы н ы ң м е н ш і г і н е :

Қазақстан Республикасының меншігіне жаңа эмиссияның акцияларын кейіннен бере отырып Алушының жарғылық капиталын берілетін Мүлік құнының сомасына көбейту;

Алушы акцияларының мемлекеттік пакетін Жекешелендіруге жатпайтын объектілердің тізбесіне енгізу шарттарында беріледі.

7. Мүлікті жалдау немесе сенімгерлік басқару мерзімін, сондай-ақ өтеу шарттарын Үкімет айқындайды.

8. Мүлікті беру Уәкілетті орган мен Алушының арасында тиісті шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Мүлікті жалға алу (мүліктік жалдау) шарты мен Мүлікті сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

9. Мүлікті не Мүлікке берілетін құқықтарды бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды заңнамада белгіленген тәртіппен Уәкілетті орган жүзеге асырады.

10. Мүлікті Алушыға беру туралы шарт (осында және бұдан әрі - жалға алу және сенімгерлік басқару шарттарын қоса алғанда):

1) Мүлікке билік ету жөніндегі құқықтық өкілеттіктердің толық тізбесін қоса алғанда Алушының құқықтарын;

2) Алушының:

Мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;

Мүлікті мақсаты бойынша пайдалану;

Мүлікке билік етуді тек Үкіметтің жазбаша келісімімен жүзеге асыру; шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде Мүліктің қаржылық және материалдық-техникалық жай-күйі туралы Уәкілетті орган алдындағы мерзімді есептілігі жөніндегі міндеттерін қамтуы тиіс.

Мүлікті беру туралы шарт, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді қамтуы мүмкін.

11. Мүлікті Алушыға беру туралы шарттың тиісті дәрежеде орындалуына бақылауды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

12. Алушыға берілген Мүлікке арналған құқықтарды мерзімінен бұрын қайтарып алу туралы шешімді, не осындай құқықтар берілген мерзімді ұзарту туралы шешімді Үкімет қабылдайды.

13. Мүлікке арналған құқықтарды Алушыға беру туралы шарт, оның қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, осы шартты іске асырумен байланысты шығындарды, Уәкілетті органға қолданылатын айыппұлдық немесе өзге де санкцияларды өтеу шарттарын қамтымайды.

14. Мүлікке арналған құқықтарды Алушыға беру туралы шарттың қолданысын тоқтату үшін негіздеме:

оның белгіленген қолданылу мерзімінің аяқталуы;

Алушы беру шарттарын орындамаған жағдайда Уәкілетті органның бір жақты тәртіппен шартты бұзуы;

Үкіметтің Мүлікке арналған құқықтарды қайтарып алу туралы шешімі; соттың шешімі;

Алушының өзіне берілген Мүлікке арналған құқықтарды іске асырудан негіздемелі түрде бас тартуы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздемелер болуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ